

**«8D02209 – Шығыстану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«ҚХР-ның модернизациясы жағдайында «сяокан» қоғамын құру үдерісі»
тақырыбына жазылған Асыл Мөлдір Бақытжанқызының
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Асыл Мөлдір Бақытжанқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «8D02209–Шығыстану» мамандығы бойынша докторантураға 2020 жылы мемлекеттік грант негізінде оқуға түсіп, 2023 жылы толық курсы аяқтады. Докторанттың диссертациялық жұмысының тақырыбы университеттің Ғылыми кеңесінің 23.10.2020ж. №2 шешімімен бекітілген.

Асыл Мөлдір Бақытжанқызының диссертациялық жұмысы Қытай модернизациясының негізгі стратегиялық мақсатына айналған «сяокан» қоғамын құру мәселесіне арналған.

Әрине, Қазақстандық ғылымда Қытай модернизациясын зерттеу жұмыстары болғанына қарамастан, жекелей «сяокан» қоғамы әлі де зерттелмеген күйінде қалып отыр, сондықтан бұл тақырып отандық қытайтануда алғаш рет жан-жақты қарастырылып отырғанын атап өтуге болады.

Дәстүрлі ұғымдар мен қағидалардың елдің модернизациясы мен трансформациясына тигізген әсерін лайықты деңгейде зерттеп, қытайлық модернизацияның теориялық негіздерін тереңінен сараптаусыз бүгінгі таңда Қытайда орын алып жатқан модернизациялық үдерістердің мәнін және жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың берген нәтижелерін ұғыну мүмкін емес.

Докторант қарастырып отырған тақырып өзекті. Оның өзектілігі неде? Реформалар мен ашық есік саясатын жүргізудің басында Дэн Сяопиннің қытайлық ерекшелігі бар модернизациялық үдерісті сипаттау мақсатында қолдандаған, дәстүрлі конфуцийшілдіктен алынған «орта дәулетті қоғам» деген мағынаны білдіретін «сяокан» түсінігі саяси дискурста 1970 жылдардан бастап еніп, содан бері Қытай Коммунистік партиясы мен үкіметі бұл тұжырымдаманы «ұлттық жаңғырудың негізіне айналдырып» жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмсады. Ол үшін партия өзінің әр съезінде «сяокан» түсінігінің аясын кеңейтіп, Қытайда сяокан қоғамын құрудың жаңа міндеттерін қойып, оған қол жеткізуге тырысты, және 2021 жылы ол міндеттерді толық орындап, орта дәулетті қоғам құру үдерісін сәтті аяқтағандығы жөнінде жариялады. Қытай үкіметінің «сяокан» қоғамын құру бойынша есебіне сәйкес елдегі кедейлік жойылып, халықтың өмір сүру деңгейі айтарлықтай көтерілді, ҚХР жалпылай экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік салаларда айтарлықтай жетістікке жетті. Сонымен қатар, Қытайдың орта дәулетті қоғамға жеткендігі жалпы әлем елдеріне де ықпалын тигізері сөзсіз және әрине біз үшін тағы бір маңыздылығы – осы «сяокан» қоғамын құрудың Қазақстан үшін тәжірибесі қандай болмақ деген сұраққа жауап іздеу. Демек бұл айтылғандар тақырыптың өзектілігі мен зерттеудің маңыздылығын айқындайды.

- Жұмыстың мақсаты - Қытайдың модернизациясы жағдайында «сяокан қоғамын» құру үдерісіне жүйелі және жан-жақты талдау жүргізу арқылы

«сяокан» қоғамы концептісінің әлеуметтік-экономикалық реформалардағы рөлі мен орнын анықтау және жеткен нәтижелерге талдау жүргізу. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін Қытай модернизациясының концептуалдық және теориялық негізін анықтау, «сяокан» ұғымының қытайлық дәстүрлі дүниетанымдағы мағынасын және эволюциясын, сонымен қатар ҚКП-ның ресми идеология шеңберіндегі заманауи интерпретациясын қарастыру, «сяокан қоғамын» құру үдерісінің сипаты мен ерекшелігін ашу арқылы, «сяокан қоғамының» әлеуметтік-экономикалық аспектілерін анықтау, «сяокан» қоғамын құрудың деңгейін бағалап, Қытайда «сяокан» қоғамын құрудың тәжірибесін Қазақстан жағдайына қолдану мүмкіндіктерін қарастыру сынды міндеттер қойылып, мәселе жан-жақты қарастырылды.

Мөлдір Бақытжанқызы тақырып бойынша дәйекті түрде жұмыс істегенін атап өтуге болады. Диссертациялық зерттеу жұмысында көрсетілген және алдыға қойылған мақсаттарының барлығын орындап, ғылыми зерттеу жұмысын тыңғылықты және нық орындай алды.

Жұмыс құрылымы қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Кіріспеде жұмыстың өзектілігі баяндалады; мақсаты, міндеттері, объектісі, нысаны, гипотезасы, зерттелу дәрежесі, дереккөз базасы, тарихнамасы келтірілген, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы тұжырымдалған, қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар және жұмыстың апробациясы бар.

Бірінші тарауда «сяокан» қоғамы тұжырымдамасын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздемесі сипатталған. ҚХР-да социалистік модернизация саясатының теориялық негіздерінің қалыптасуының алғышарттары көрсетіліп, «сяокан» қоғамы тұжырымдамасының тарихи қайнаркөзі мен заманауи интерпретациясы айқындалған. Екінші тарауда «сяокан» қоғамын құрудың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері мен саяси аспектісі қарастырылған. Үшінші тарауда Қытайда «сяокан» қоғамын құрудың нәтижелері қандай болды, «сяокан» қоғамын құрудың Қазақстан үшін тәжірибесі қандай болмақ, осы мәселелер зерттелді. Қорытындыда диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары баяндалған, ҚХР-дағы социалистік модернизация контекстінде «сяокан» қоғамын құру үдерісі бойынша тұжырымдар жасалған.

Жалпы, диссертациялық жұмыс талапқа сай орындалған. Асыл Мөлдір Бақытжанқызының диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында, ғылыми-тәжірибелік ғылыми конференция материалдарында, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымда жарияланды.

Жұмыста стилистикалық қателер бар екендігін ескеру қажет. Дегенмен бұл жұмыстың мазмұнына нұқсан келтірмейді. Сондықтан орындалуына байланысты алдын ала қорғаудан өткізіп, Асыл Мөлдір Бақытжанқызының «8D02209–Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-ның модернизациясы жағдайында

«сяокан» қоғамын құру үдерісі» атты диссертациясын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті
Ph.D Дәуен Д.Б.



Дәуен 05.06.2023

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттық басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенова

_____ 20__ ж./г.